

Қазақстан Республикасының 1986-1995 жылдары туылған азаматтарын 2013 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 наурыздағы № 22 қаулысы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы, 1- тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27, 28, 31- баптарына, 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 "Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 ақпандағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2013 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" № 509 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 наурыздағы " Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2013 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 509 Жарлығын іске асыру туралы № 235 Қаулысы негізінде және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2013 жылғы 28 ақпандағы №4-1-21 /3551 санды хатына сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында ҚР ҚК-не басқа әскерлерге және әскери құрамаларға 18 жастан 27 жасқа дейінгі, әскерге шақырудан кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және жөнелту ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Балқаш ауданының шақыру комиссиясының жұмыстарын басшылыққа алу және қадағалау мақсатында 1-ші қосымшаға сәйкес, аудандық комиссия құрамы бекітілсін.

Шақыру комиссиясы мүшелернің ауырып қалуына немесе басқа да жағдаймен болмай қалуына байланысты, 2-ші қосымшаға сәйкес, құрама топтағы комиссия мүшелері бекітілсін.

3. 3-ші қосымшаға сәйкес, шақыру комиссиясының жұмыс кестесі бекітілсін.

4. Аудандық орталық аурухана мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Мұратбаев Ринат)

1) Балқаш ауданының жергілікті әскери басқару органдарына мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу алдында стационарлық емделуде және диспансерлік есепте тұрған шақырылушылар туралы мәлімет берілсін;

2) Медициналық комиссия қажетті дәрігерлермен, медбикелермен қамтамасыз етілсін;

5. Аудандық "Әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту" бөлімінің бастығы (Құтпанбетов Азат) көктем және күз айларында әскерге шақыру мерзімінде аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне ақылы қоғамдық жұмыскерлер есебінен 4 адам бөлінсін.

6. "Балқаш аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (Онғарбаев Талғат)

1) Аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне апта сайын алдын ала тергеу немесе анықтау жүргізіліп жатқан шақырылушылар туралы мәлімет беріліп отырылсын.

2) 2013 жылдың 1 сәуірінен 30 маусым және 1 қазаннан 31 желтоқсан аралығында шақырудан бас тартқан шақырылушыларды іздеу үшін полиция қызметкерлері бөлінсін.

3) Шақырылушыларды облыстық шақыру пунктіне жөнелту кезінде аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде қоғамдық тәртіп қамтамасыз етілсін.

7. Аудандық мәдениет бөлімі (Момынкүлов Айдос) ҚР ҚК-не, басқа да әскерлерге және әскери құрамаларға шақырылушыларды салтанатты түрде шығарып салу іс-шаралары ұйымдастырылсын.

8. Аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы (Түймебаев Айдархан)

1) Шақыру кампаниясының басталуы және өткізілу барысы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттар беру ұйымдастырылсын.

2) Аудан орталықтарында және селолық округтерде азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы көрнекті үгіт-насихат материалдарын орналастыру қамтамасыз етілсін.

9. Аудан әкімінің орынбасары-шақыру комиссиясының төрағасы (Рахымбаев Бақытбек) шақыруды өткізуді бастау алдында мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларымен, селолық округтердің әкімдерімен қызметтік кеңес өткізсін, оларды шақыруды өткізуге дайындығы тыңдалсын және кезекті шақыруды өткізуге тапсырма берілсін.

10. Селолық округтердің әкімдері осы Қаулыға сәйкес іс-шараларды орындау қамтамасыз етсін.

Мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру бойынша жауапты Балқаш ауданы әкімінің орынбасары (Рахымбаев Бақытбек) Балқаш ауданының әкімдігіне осы қаулының орындалуы туралы 2013 жылғы 15 шілде және 2014 жылғы 15 қаңтарға ақпарат берілсін.

11. Балқаш ауданы әкімінің 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы 2012 жылғы 12 наурыздағы № 45 қаулысының күші жойылсын.

12. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Рахымбаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А. Көшкімбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК